

**Мәдениет статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 қарашада № 16012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 20.01.2020 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) "Кітапхана қызметі туралы есеп" (коды 211112094, индексі 1-кітапхана, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Кітапхана қызметі туралы есеп" (коды 211112094, индексі 1-кітапхана, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі туралы есеп" (коды 211112106, индексі 1-хайуанаттар паркі, океанариум, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі туралы есеп" (коды 211112106, индексі 1-хайуанаттар паркі, океанариум, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) "Мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі туралы есеп" (коды 21112102, индексі 1-демалыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) "Мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі туралы есеп" (коды 21112102, индексі 1-демалыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Концерт қызметі туралы есеп" (коды 21112116, индексі 1-концерт, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Концерт қызметі туралы есеп" (коды 21112116, индексі 1-концерт, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) "Музей қызметі туралы есеп" (коды 21112122, индексі 1-музей, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Музей қызметі туралы есеп" (коды 21112122, индексі 1-музей, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) "Театр қызметі туралы есеп" (коды 21112151, индексі 1-театр, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) "Театр қызметі туралы есеп" (коды 21112151, индексі 1-театр, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) "Цирк қызметі туралы есеп" (коды 21112229, индексі 1-цирк, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) "Цирк қызметі туралы есеп" (коды 21112229, индексі 1-цирк, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;

15) "Кино көрсетуді және кинофильмдерді шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы есеп" (коды 21112115, индексі 1-кино, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;

16) "Кино көрсетуді және кинофильмдерді шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы есеп" (коды 21112115, индексі 1-кино, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес;

17) "Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп" (коды 211112129, индексі 1-саябақ, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес;

18) "Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп" (коды 211112129, индексі 1-саябақ, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мәдениет статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 211 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14569 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің төрағасы

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы  
2017 жылғы 9 қараша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті төрағасының  
2017 жылғы 8 қарашадағы  
№ 162 бұйрығына 1-қосымша  
Приложение 1 к приказу  
Председателя Комитета по  
статистике Министерства  
национальной экономики  
Республики Казахстан  
от 8 ноября 2017 года № 162



Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді

Confidentiality is guaranteed by the organs of state statistics

Жалпы мемлекеттік

статистикалық

байқауды

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика  
органына ұсынылады

Представляется  
территориальному  
органу статистики

Статистикалық  
нысан

www.stat.gov.kz  
интернет-ресурсына  
орналастырылған

Статистическая  
форма размещена на  
интернет-ресурсе  
www.stat.gov.kz

Есептілікті толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен  
(қажеттісін қоршаңыз)  
Время, затраченное на заполнение отчета, в часах (нужное обвести  
)

1 сағатқа дейін

до 1 часа

40  
1-2 2-4 4-8 8-40 арт  
бо:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными

правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Статистикалық

нысан коды

211112094

Код статистической

формы 211112094

1-кітапхана

1-библиотека

Кітапхана

қызметі

туралы

есеп

Отчет о деятельности библиотеки

Жылдық

Годовая

Е с е п т і

Отчетный период

к е з е ң

--	--	--

Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының – 91.01.2 "Оқырмандар залын, лекторийлар, көрсету залда қосалқы қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, индивидуальные пре Номенклатуры видов экономической деятельности – 91.01.2 "Библиотечная деятельность, включая деятельность чи

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 2

Срок представления – до 27 января (включительно) после отчетного периода

БСН

код БИН

коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

ЖСН

код ИИН

## 1. Кітапханалардың негізгі типтерін көрсетіңіз, бірлік

Укажите основные типы библиотек, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
А	Б		1	2
1	Кітапханалардың саны Число библиотек			
	соның ішінде: в том числе:		х	х
1.1	ғ ы л ы м и научные			
1.2	ә м б е б а п универсальные			
1.3	а р н а й ы специальные			
1.4	ө з г е л е р прочие			
2	Әдебиеттерді беру пункттерінің саны Число пунктов выдачи литературы			
3	Жылжымалы пункттерінің саны Число передвижных пунктов			

4	1-жолдан балаларға арналған кітапханалардың саны Из строки 1 – число библиотек для детей		
---	---	--	--

## 2. Кітапханалар ғимараттарының (үй-жайларының) санын және олардың ауданын көрсетіңіз

Укажите число зданий (помещений) библиотек и их площадь

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
A	B		1	2
1	Кітапхана ғимараттарының (үй-жайларының) саны, бірлік Число зданий (помещений) библиотек, единиц			
	о д а н : из них:		x	x
1.1	жылытылмайтын ғимараттарда (үй-жайларда) в неотапливаемых зданиях (помещениях)			
1.2	авариялық жағдайдағы в аварийном состоянии			
1.3	күрделі жөндеуді талап ететін требует капитального ремонта			
2	Кітапханалар ғимараттарының (үй-жайларының) жалпы ауданы, ш а р ш ы м е т р Общая площадь зданий (помещений) библиотек, квадратных метров			

## 3. Кітапхана қызметтерінің негізгі сипаттамаларын көрсетіңіз

Укажите основные характеристики деятельности библиотеки

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
A	B		1	2
1	Оқу залдарындағы орындар саны, бірлік Число мест в читальных залах, единиц			
2	Пайдаланушылар саны – барлығы, адам Число пользователей – всего, человек			
2.1	одан – кітапханалардың интернет-ресурсын (порталын) п а й д а л а н у ш ы л а р с а н ы из них – число пользователей интернет-ресурса (портала) библиотек			
3	Пайдаланушылардың жалпы санынан – балалар, адам Из общего числа пользователей – детей, человек			
4	Кітапханаға келушілер саны, адам Число посетителей библиотек, человек			
4.1	одан – кітапханалардың интернет-ресурсына (порталына) қ а т ы н а у с а н ы из них – число посетителей интернет-ресурса (портала) библиотек			

#### 4. Кітапхана қорының басылымдар тілдері бойынша қозғалысы туралы мәліметтерді көрсетіңіз, бірлік

Укажите сведения о движении библиотечного фонда по языкам изданий, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Соның ішінде В том числе							
кітап баспасы книжные издания	электрондық жеткізгіштегі басылымдар издания на электронных носителях	аудио/видео басылымдар аудио/видео издания	мерзімдік басылымдар периодические издания	басқа да әдебиеттер другая литература						
газеттер газеты	журналдар журналы									
А	Б	1	2	3	4	5	6	7		
1	Жылдың басында бары Состоит на начало года									

	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х	х	х	х	х	х	х
1.1	мемлекеттік на государственном языке	тілде							
1.2	о р ы с на русском языке	тіліңде							
1.3	басқа да на других языках	тілдерде							
2	Жыл ішінде Поступило в течение года	келіп түскені							
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х	х	х	х	х	х	х
2.1	мемлекеттік на государственном языке	тілде							
2.2	о р ы с на русском языке	тіліңде							
2.3	басқа да на других языках	тілдерде							
3	Жыл ішінде Выбыло в течение года	шығып қалғаны							
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	х	х	х	х	х	х	х
3.1	мемлекеттік на государственном языке	тілде							
3.2	о р ы с на русском языке	тіліңде							
3.3	басқа да на других языках	тілдерде							







Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	атауы	Барлығы Всего	Одан – ауылдық жерлер Из них – сельская местность
А	Б		1	2
1	Электронды Объем электронного каталога	каталогтың көлемі		
2	Жалпы кітапхана қорынан цифрлық форматтағы құжаттар саны Число документов из общего библиотечного фонда в цифровом формате			
3	Интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар кітапханалар саны Число библиотек с доступом в сеть Интернет			
3.1	одан – Интернет желісіне сымсыз технологиялар (Wi-Fi) арқылы қатынау мүмкіндігі бар из них – с доступом в сеть Интернет посредством беспроводных технологий (Wi-Fi)			
4	Компьютерлер Число компьютеров	саны		
4.1	одан – пайдаланушыларға арналған компьютерлер саны из них – число компьютеров для пользователей			
5	Көшірме – көбейту техникаларының саны Число копировально-множительной техники			
5.1	одан – кәсіби кітап сканерлерінің саны из них – число профессиональных книжных сканеров			
6	Интернет-ресурстары Число интернет-ресурсов	саны		
7	Телефон нөмірлерінің саны Число номеров телефонов			
8	Көлік құралдарының саны Число транспортных средств	саны		

## 9. Есепті жылдың соңындағы кітапхана қызметкерлерінің тізімдік санының құрамы туралы деректерді көрсетіңіз, адам

Укажите данные о составе списочной численности библиотечных работников на конец отчетного года, человек

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Кітапхана жұмысшыларының саны Численность библиотечных работников	Соның ішінде білімі барлар В том числе имеют образование	1 - бағаннан жасы бар Из графы 1 имеют возраст				
жоғары высшее	одан из них	техникалық, кәсіптік және орта білімінен кейінгі техническое, профессиональное и послесреднее	одан из них	өзге де другое	30 жасқа дейін до 30 лет	30 40 - 39	40 49 - 49	50 жас және одан жоғары 50 лет и старше
кітапхана ісі библиотечное	кітапхана ісі							

дело	библиотечное дело										
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	<b>Барлығы</b> Всего										
1.1	<b>одан – ауылды жерлерде</b> из них – в сельской местности										

А т а у ы Наименование	_____	Мекенжайы Адрес	_____
Телефоны Телефон	_____	<b>Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)</b> Адрес электронной почты (респондента)	_____
<b>Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз*</b> Согласны на распространение первичных статистических данных*	<input type="checkbox"/>	<b>Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз*</b> Не согласны на распространение первичных статистических данных*	<input type="checkbox"/>

**Ескертпе:**

Примечание:

**\* Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады**

\* Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

О р ы н д а у ы Исполнитель	_____	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон
Бас бухгалтер Главный бухгалтер	_____	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон
Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға	_____	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности	жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) )	қ о л ы подпись
---	---	--------------------

**Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)**

Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті төрағасының  
2017 жылғы 8 қарашадағы  
№ 162 бұйрығына 2-қосымша

**"Кітапхана қызметі туралы есеп" (коды 21112094, индексі 1-кітапхана, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Кітапхана қызметі туралы есеп" (коды 21112094, индексі 1-кітапхана, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Кітапхана қызметі туралы есеп" (коды 21112094, индексі 1-кітапхана, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңында анықталған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.

3. Осы статистикалық нысанды толтыру кезінде Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі мемлекетаралық стандарттар (бұдан әрі – АКБІС МЕМСТ), 7.20-2000 "Кітапхана статистикасы" және 7.0-99 "Ақпараттық-кітапханалық қызмет, библиография. Терминдер және анықтамалар" МЕМСТ басшылыққа алынады.

Статистикалық нысанға енгізілетін деректер алғашқы есепке алу материалдарына – түгендеу кітаптарына, жиынтық есеп кітабына, кітапхана жұмысының күнделіктеріне, оқырмандар формулярларына негізделеді.

Егер құрылымдық бөлімшеге заңды тұлға статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жеріндегі статистика органдарына осы есепті тапсырады. Егер құрылымдық бөлімшенің статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаса, онда заңды тұлға есепті өзі орналасқан жеріндегі статистика органдарына олардың орналасқан жерлерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық бөлімшелері бөлінісінде тапсырады.

Кітапханалар мақсатты қолданылуы, тұтынушылар контингенті, қорлардың тақырыптық және түр құрамы бойынша сараланады.

4. Есепті жылы жұмыс істемеген, бірақ материалдық базасы бар кітапханалар 3-бөлімнің 2-4-жолдарын және 7-бөлімді толтырмайды.

5. 1-бөлімнің 1-жолында кітапханалық мекеме ретінде есепті бірлікке кітапхананың бөлімшесі саналатын кітап беру пункттері, жылжымалы кітапханалардың барлық түрлері, оқу залдары, балалар бөліктемелеі қабылданбайды. Кітапханалардың бұл бөліктемелерінің кітап қорлары мен қызметі өздері құрамына кіретін кітапханалардың есебінде көрсетіледі. Бұл жолда кітапхана теңгеріміндегі құрылымдық (ведомстволық бағыныстағы) бірліктер саны (есеп берілген ұйымдар саны) көрсетіледі.

1.1-жолда ғылыми кітапханалар, ғылымның дамуын қамтамасыз ететін, зерттеу қызметімен байланысты ғылыми мекемелер мен жекелеген тұлғалардың тиісті қор мен ақпараттық-ізвестіру аппаратының негізінде ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыратын көрсетіледі.

1.2-жолда әмбебап кітапханалар, тақырыптық және типологиялық шектеулерсіз қалыптасқан қорлар негізінде әр түрлі оқырман қажеттілігін қанағаттандыратын көрсетіледі. Әмбебап кітапханалар жалпыға қолжетімді, халықтың барлық топтарына немесе оқырмандардың кейбір санаттарына (балаларға, жасөспірімдерге) қызмет көрсетуге арналған болып табылады.

1.3-жолда арнайы кітапханалар – пайдаланушылардың кәсіби қажеттіліктерін және оқырмандардың ерекше топтарының арнайы қажеттіліктерін тиісті қор мен ақпараттық-ізвестіру аппаратының (патенттік-техникалық, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханалар, ғылыми зерттеу институттары) негізінде қамтамасыз ететін кітапханалар көрсетіледі.

2-жолда әдебиеттерді беру пунктіне кітапханаларды пайдаланушылардың тұратын жері, жұмысы немесе оқу орны бойынша ұйымдастырылған кітапханалардың аумақтық оқшауланған бөлімшелері, стационарлық емес кітапханалық қызмет көрсету нысаны жатады.

3-жолда жылжымалы пунктіге арнайы жабдықталған, жиынтықталған көлік құралында (библиобус) орналасқан және өз орналасқан орнын тұрақты кітапханадан аумақтық шалғай орналасқан халықтың топтарына қызмет көрсету үшін өзгертетін кітапхана жатады.

6. 2-бөлімнің 1-жолында кітапхана ғимараттарының (үй-жайларының) жалпы саны көрсетіледі, оған кітапхана қоры орналасқан және оқырмандарға қызмет көрсетілетін жеке тұрған құрылыстар жатады және кітапхана қоры

орналастырылған және оқырмандар қызмет көрсетілетін және әдеттегідей мемлекеттік мекемелер, клубтар мен басқа мекемелерде орналасқан ғимараттың оқшауланған бөлігі жататын үй-жайлар көрсетіледі.

1.1-жолда жылытылмайтын ғимараттарда (үй-жайларда), 1.2-жолда авариялық жағдайдағы, 1.3-жолда күрделі жөндеуді талап ететін кітапханалардың саны көрсетіледі.

1.2, 1.3-жолдарда күрделі жөндеуді талап ететін және апатты жағдайдағы ғимараттардың (үй-жайлардың) саны кітапхана ғимаратының (үй-жайының) техникалық жағдайын сипаттайтын акт (қорытынды) негізінде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте құрастырылған құжаттың негізінде толтырылады.

7. 3-бөлімнің 2-жолында пайдаланушылар саны көрсетілді, оларға кітапхана қызметтерін пайдаланатын тұлғалар (оқырман, іс-шараларға келуші, абонент) жатады. Жыл ішіндегі келіп-кету саны емес, есепті кезең ішінде ең болмаса бір рет үйіне немесе кітапхана ішінде оқу үшін кітап, кітапша, журнал, газет алған адамдар есепке алынады. Пайдаланушылар саны тиісті бөлімдердің жылдық қорытынды деректері, кітапхана жұмысының күнделіктері, кітапханаға келген оқырмандар формулярлары негізінде толтырылады және жыл ішіндегі соңғы формулярдың реттік нөмірі бойынша анықталады. Бұл жолда кітапхананың барлық құрылымдық бөлімшелері қызмет көрсеткен, есепті жылда қайта тіркелген және жаңадан жазылған оқырмандардың жиынтық саны көрсетіледі.

2.1-жолда кітапханалардың интернет-ресурсын (порталын) пайдаланушылар саны көрсетіледі. Ақпарат алу үшін кітапхана қызметтеріне жүгінетін және интернет-ресурстардың (порталдың) қызметтерін пайдаланатын адам, адамдар тобы немесе ұйым кітапхана интернет-ресурсын (порталын) пайдаланушысы болып табылады. Кітапхананың серверінде тіркелген логин немесе пайдаланушының (адамның немесе ұйымның) ір-мекенжайы кітапхананың интернет-ресурсына (порталына) жүгінген пайдаланушыларды есепке алу бірлігі болып табылады. Пайдаланушылардың жалпы саны кітапхана серверінде тіркелген тұлғалардың және ұйымдардың бірдей емес логиндерінің немесе ір-мекенжайларының сандары бойынша есептеледі.

4-жолда бақылау парағында, пайдаланушы формулярында немесе кітапханада қабылданған басқа да құжаттамада автоматтандыру және механикаландыру құралдарында тіркелген пайдаланушының кітапханаға келу (жазылуға, қайта тіркелуге, алуға, айырбастауға, басылымдар мен материалдарды қайтаруға, оларды қолдану мерзімін ұзартуға, газеттер мен журналдар қарауға, анықтамаларды толтыруға, кітапхана өткізетін көпшілік іс-шараларына қатысуға)

саны көрсетіледі. Жеке абонемент бойынша жыл ішінде кітап алған пайдаланушылар саны жыл ішіндегі соңғы формулярдың реттік нөмірімен айқындалады.

4.1-жолда кітапханалардың интернет-ресурсына (порталына) кіру саны көрсетіледі. Кітапхананың интернет-ресурсына (порталына) кіру қаралған беттердің немесе элементтер санына қарамастан және кітапханаға дәстүрлі келумен салыстырылатын, кітапхана шегінен тыс пайдаланушылардың интернет-ресурсқа (порталға) жүгінуі болып табылады.

Кітапхана интернет-ресурсына (порталына) келу санын есепке алу бірлігі кітапхана серверіне бір жүгіну болып табылады. Келу саны статистика есебі бойынша функционал немесе интернет-ресурсқа (порталға) келуді есептеуіш арқылы есептеледі.

8. 4, 5, 7-бөлімдердің 1-бағанында кітапхана қорының есепке алу бірлігі баспа данасы болып табылады. МЕМСТ 7.20-2000 "Кітапханалық статистикаға" сәйкес 3.2-тармақ "күжаттардың барлық түрлері үшін негізгі есепке алу бірліктері дана және атау болып табылады".

4, 5, 7-бөлімдердің 2-бағанында кітаптарға көлемі 48 беттен асатын жазу, графика, картография кестелері туындыларын, ондағы басылған туындыларды жақсы пайдалану үшін көркем рәсімделген аппаратпен, құралдармен уақыт пен кеңістікте орнықтыру және табыстау құралы болып табылатын мерзімдік емес мәтіндік кітаби басылым жатады.

4,5,7-бөлімдердің 3-бағанында электронды басылымдардың данасы болып оптикалық диск табылады.

4,5,7-бөлімдердің 5-бағанында газеттерге өзекті қоғамдық-саяси, ғылыми, өндірістік мәселелер бойынша ресми материалдарды, жедел ақпаратты және мақалаларды қамтитын мерзімдік мәтіндік басылымдар, әдеби шығармалар, иллюстрациялар, фотосуреттер және жарнамалар жатады.

4,5,7-бөлімдердің 6-бағанында журналдарға өмір, табиғат, ғылым бойынша мақалаларды қамтитын мерзімдік баспасөз басылымдары жатады.

4,5,7-бөлімдердің 7-бағанында әдебиеттерге ноталық, картографиялық басылымдар, басылымдар және кітапшалар жатады.

9. 8-бөлімнің 1-жолында библиографиялық деректер қорларындағы библиографиялық жазбалардың саны көрсетіледі. Электронды каталогқа машина оқи алатын нысанда, нақты уақыт мерзімінде жұмыс істейтін, жергілікті және алыс жерлердегі кітапхана пайдаланушыларына ұсынылған кітапхана каталогы жатады.

2-жолда кітапханада бар және цифрлық форматқа аударылған мақалалардың жалпы саны және басылымдардың барлық түрлерінің дана саны көрсетіледі.

3-жолда кітапханада интернет желісіне қолжетімділіктің бар болуы, 3.1-жолда сымсыз технология құралдары (Wi-Fi) арқылы Интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар кітапханалар саны, 4-жолда пайдаланылатын дербес компьютерлер саны, 5-жолда көшірме-көбейту техникаларының саны (факс, принтер, сканер), 6-жолда кітапханалардағы интернет-ресурстар саны көрсетіледі. Кітапхананың интернет-ресурсы Интернет желісіндегі кітапхананың ресми мекенжайы болып табылады. Интернет-ресурста кітапхананың қызметі, кітапхананың көрсететін қызметтері және ақпараттық ресурстар, кітапхананың электронды каталогына қолжетімділік туралы барлық ақпарат көрсетіледі.

7-жолда кітапханаға тіркелген және қызметте пайдаланылатын телефон нөмірлерінің саны көрсетіледі.

8-жолда көлік құралдары санына кітапхана теңгеріміндегі және кітапхана қызметінде пайдаланылатын көлік құралы енгізіледі.

10. 9-бөлімінің 1-бағанында есепті жылдың соңындағы кітапхананың қызметкерлері ғана (техникалық және қызмет көрсететін персоналды қоспағанда) көрсетіледі.

2-бағанда жоғары білімі бар кітапхана қызметкерлері көрсетіледі.

3-бағанда кітапханалық іс саласындағы жоғары білімі бар кітапхана қызметкерлері көрсетіледі.

4-бағанда арнайы орта білімі бар (техникум бітірушілер, колледж, училище) кітапхана қызметкерлері көрсетіледі.

11. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.

12. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

13. Ескерту: x – бұл айқындама толтырылмайды.

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім. "Кітапханалардың негізгі типтері":

1-баған



≥

2-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жолдан = 1.1–1.4 жолдар

∑

;

4-жол

≤

1-жол әрбір баған үшін.

2) 2-бөлім. "Кітапханалар ғимараттарының (үй-жайларының) саны және олардың ауданы":

1-баған

≥

2-бағаннан әрбір жол үшін;

1.1-жол

≤

1-жолдан әрбір баған үшін;

1.2-жол

≤

1-жолдан әрбір баған үшін;

1.3-жол

≤

1-жолдан әрбір баған үшін.

3) 3-бөлім. "Кітапхана қызметтерінің негізгі сипаттамалары":

2-жол

≥

3-жолдан әрбір баған үшін;

2-жол

≤

4-жолдан әрбір баған үшін;

2.1-жол

≥

2-жолдан әрбір баған үшін;

2.1-жол

≤

4.1-жолдан әрбір баған үшін;

4.1-жол

≤

4-жолдан әрбір баған үшін;

1-баған  
 $\leq$

2-бағаннан әрбір жол үшін.

4) 4-бөлім. "Кітапхана қорының басылымдар тілдері бойынша қозғалысы туралы мәліметтер":

1-жол = 1.1–1.3-жолдардың  
 $\sum$

әрбір баған үшін;

2-жол = 2.1–2.3-жолдардың  
 $\sum$

әрбір баған үшін;

3-жол = 3.1–3.3-жолдардың  
 $\sum$

әрбір баған үшін;

4-жол = 4.1–4.3-жолдардың  
 $\sum$

әрбір баған үшін;

4-жол = 1 жол + 2 жол – 3-жол әрбір баған үшін;

1-баған = 2–7-бағандардың  
 $\sum$

әрбір жол үшін.

5) 5-бөлім. "Кітапхана қорының себептер бойынша жыл ішінде шығып қалғаны туралы мәліметтер":

1-жол = 1.1–1.3-жолдардың  
 $\sum$

әрбір баған үшін;

1-баған =  $\sum$  2–7-бағандардаң әрбір жолы үшін.

6) 6-бөлімі. "Кітапхана қорының жыл соңына білім салалары бойынша жағдайы":

1-баған = 2–7-бағандардың  
 $\sum$

;

2-жол  
 $\leq$

1 жолдан.

7) 7-бөлім. "Әдебиетті беру туралы мәліметтер":

1-жол  
 $\geq$

1.1, 2-жолдардың әрбір бағаны үшін;

1-баған = 2–7-бағандардың  $\sum$  әрбір жолы үшін.

8) 8-бөлім. "Кітапханадағы ақпараттық-коммуникациялық технология-лардың бары":

1-баған

$\geq$

2-бағаннан әрбір жол үшін;

3.1-жол

$\leq$

3-жолдан әрбір баған үшін;

5.1-жол

$\leq$

5 жолдан әрбір баған үшін.

9) 9-бөлім. "Есепті жылдың соңындағы кітапхана қызметкерлерінің тізімдік санының құрамы туралы деректер" :

1.1-жол

$\leq$

1-жолдан әрбір баған үшін;

1-баған = 2, 4, 6-бағандардың

$\sum$

әрбір жол үшін;

1-баған = 7–10-бағандардың

$\sum$

әрбір жол үшін;

2-баған

$\geq$

3-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған

$\geq$

5-бағаннан әрбір жол үшін.

10) Бөлімдер арасындағы бақылау:

4-бөлімнің 3-жолы барлық бағандар бойынша = 5-бөлімінің 1-жолына барлық бағандар бойынша.



**Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік**  
 Конфиденциальность гарантируется органами государственной  
**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық**  
 Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

**Аумақтық статистика  
органына ұсынылады**

Представляется  
территориальному  
органу статистики

**Статистикалық  
нысан**

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)  
интернет-ресурсына  
орналастырылған

Статистическая  
форма размещена на  
интернет-ресурсе  
[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

**Есептілікті толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен  
(қажеттісін қоршаңыз)**  
**Время, затраченное на заполнение отчета, в часах (нужное обвести  
)**

1 сағатқа дейін					40
до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	арт бо:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан І Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып**  
 Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующую государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

**Статистикалық нысан коды 211112106**  
 Код статистической формы 211112106  
**Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі туралы есеп**  
**Отчет о деятельности зоопарка, океанариума**

1-хайуанаттар паркі,  
океанариум  
1-зоопарк,  
океанариум

**Жылдық**  
Годовая

**Есепті кезең**  
Отчетный период

--	--	--	--

**Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының – 91.04.1 кодына сәйкес хайуанаттар парктері, океанариум қы асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер балансында хайуанаттар парктері бар кәсіпорындар**  
 Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, индивидуальные пред осуществляющие деятельность зоопарков, океанариума, а также предприятия, имеющие на своем балансе зоопа коду Номенклатуры видов экономической деятельности – 91.04.1

**Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 13 қаңтарға (қоса алған**  
 Срок представления – до 13 января (включительно) после отчетного периода

Б С Н  
код БИН

к о д ы

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ж С Н  
код ИИН

к о д ы

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

## 1. Хайуанаттар паркі, океанариум қызметінің негізгі сипаттамаларын көрсетіңіз

Укажите основные характеристики деятельности зоопарка, океанариума

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің Наименование показателей	а т а у ы	Барлығы Всего
А	Б		1
1	Хайуанаттар парктерінің саны, Число зоопарков, единиц	бірлік	
1.1	одан – қарым-қатынасты хайуанаттар парктері из них – контактных зоопарков		
2	Океанариумдардың саны, Число океанариумов, единиц	бірлік	
3	Хайуанаттар паркі аумағының жалпы алаңы, Общая площадь территории зоопарка, гектар	гектар	
4	Хайуанаттар паркінің жануарлар, құстар мен балықтарға арналған үй-жайларының жалпы алаңы, Общая площадь помещений для животных, птиц и рыб зоопарка, квадратных метров	шаршы метр	
5	Океанариумның жалпы алаңы, Общая площадь океанариума, квадратных метров	шаршы метр	
6	Хайуанаттар паркінің жануарлар, құстар, балықтарға арналған үй-жайларының саны, б і р л і к Число помещений для животных, птиц, рыб в зоопарке, единиц		
	о д а н : из них:		х
6.1	жылытылмайтын ғимараттарда в неотапливаемых зданиях (помещениях)	(үй-жайларда)	
6.2	а в а р и я л ы қ в аварийном состоянии	жағдайдағы	
6.3	күрделі жөндеуді қажет требует капитального ремонта	ететін	
7	Келушілер саны, Число посетителей, человек	адам	
8	Өткізілген экскурсиялар саны, Число проведенных экскурсий, единиц	бірлік	
9	Ұйымдастырылған көрмелер саны, Число организованных выставок, единиц	бірлік	

## 2. Жыл соңына жануарлар, құстар, балықтардың түрлері мен даналар санын көрсетіңіз, бірлік

Укажите число видов и экземпляров животных, птиц, рыб на конец года, единиц

Жол коды Код строки	Керсеткіштердің Наименование показателей	атауы Число видов	Түрлерінің саны Число экземпляров	Даналар саны Число экземпляров
А	Б	1	2	
1	Барлық жануарлар, құстар, балықтар Всего животных, птиц, рыб	x		
	<b>с о ы ң</b> в том числе:	<b>і ш і н д е :</b> x		x
1.1	<b>с ү т қ о р е к т і л е р</b> млекопитающие			
1.2	<b>қ ұ с т а р</b> птицы			
1.3	<b>бауырымен</b> пресмыкающиеся	<b>ж о р ғ а л а у ш ы л а р</b>		
1.4	<b>қ о с м е к е н д і л е р</b> земноводные			
1.5	<b>б а л ы қ т а р</b> рыбы			
1.6	<b>о м ы р т қ а с ы з д а р</b> беспозвоночные			
1.7	<b>ө з г е л е р і</b> прочие			

А т а у ы Наименование	_____	Мекенжайы Адрес	_____
Телефоны Телефон	_____		
Электрондық пошта мекенжайы респонденттің) Адрес электронной почты (респондента)	( _____ _____		
Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз* Согласны на распространение первичных статистических данных*	<input type="checkbox"/>	Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз* Не согласны на распространение первичных статистических данных*	<input type="checkbox"/>

О р ы н д а у ы Исполнитель	_____	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)
--------------------------------	-------	--

	фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон
<b>Бас бухгалтер</b> Главный бухгалтер	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон
<b>Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға</b> Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)	_____	колы, телефоны подпись, телефон

**Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)**

Место для печати (при наличии)

**Ескертпе:**

Примечание:

**\* Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады**

\* Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2017 жылғы 8 қарашадағы  
№ 162 бұйрығына  
4-қосымша

**"Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі туралы есеп"**

**(коды 21112106, индексі 1-хайуанаттар паркі, океанариум, кезеңділігі жылдық)**

**жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі туралы есеп" (коды 21112106, индексі 1-хайуанаттар паркі, океанариум, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Хайуанаттар паркі, океанариум қызметі

туралы есеп" (коды 21112106, индексі 1-хайуанаттар паркі, океанариум, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. 1-бөлімнің 1-жолында жабайы жануарларды табиғи жағдайды еске салатын жағдайларда халыққа көрсету, зерделеу және өрбіту мақсатында еріксіз қамауда (торда, торлы қораларда) немесе үлкен алаңдарда ұстайтын ғылыми-ағартушылық мекемелерге жататын хайуанаттар паркінің саны көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.1-жолында қарым-қатынасты хайуанаттар паркінің саны көрсетіледі.

Қарым-қатынасты хайуанаттар паркіне адамға тікелей қауіп төндірмейтін, жануарларды ұстауға арналған мекемелер жатады.

2-жолда океанариумдар саны көрсетіледі.

3-жолда хайуанаттар паркі аумағының жалпы алаңы жерге берілген Мемлекеттік акті негізінде көрсетіледі, оған жануарларды, құстар мен балықтарды ұстауға арналған шарбақтар, жануарларды, құстар мен балықтарды қоректендіретін қоршаудың алаңдары, әкімшілік және қызметтік үй-жайлардың алаңдары, су қоймаларының алаңы кіреді.

4-жолда хайуанаттар паркінің жануарларды, құстар мен балықтарды асырауға арналған үй-жайының алаңы көрсетіледі.

5-жолда океанариумның жалпы алаңына аквариумдар, теңіз жәдігерлері орналастырылатын келушілерге арналған алаңдар мен океанариумның әкімшілік және қызметтік үй-жайлары алып жатқан алаңдар кіреді. Ойын-сауық орталығында орналасқан ойын-сауық аттракциондарының, дүкендердің, дәмханалардың алаңы енгізілмейді.

6-жолда хайуанаттар паркінің жануарлары, құстары мен балықтарына арналған үй-жайлардың жалпы саны көрсетіледі.

6.1-жолда жылытылмайтын ғимараттарда орналасқан үй-жайлар саны көрсетіледі, 6.2-жолда авариялық жағдайдағы үй-жайлар саны, 6.3-жолда күрделі жөндеуді қажет ететін үй-жайлар саны көрсетіледі.

6.2 және 6.3-жолдар акт (қорытынды) немесе үй-жайдың техникалық жағдайын сипаттайтын Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте құрастырылған құжаттың негізінде толтырылады.

7-жолда есепті жылы хайуанаттар паркіне, океанариумға келіп-кетулердің жалпы саны көрсетіледі. Келіп-кетулер санына кіру билеттері бойынша есептелетін жеке келіп-кетулер, экскурсиялық қызмет көрсетулер және экскурсиялық жолдама (жекелеген келушілерден құралған топтар үшін) билеттері бойынша келіп-кетулер саны қосылады. Сондай-ақ, жеңілдікпен келіп-кетушілер (мүгедек балалар, ардагерлер, қайырымдылық акциялары) ескеріледі.



8-жолда экскурсияға көрнекі орындарға ғылыми, жалпы білім немесе мәдени-ағартушылық мақсаттармен ұжымдық келіп-кетулер жатады.

9-жолда хайуанаттар паркінде, океанариумда ұйымдастырылатын көрмелерге ғылым, мәдениет, көркемөнер саласындағы жетістіктерді көпшілікке көрсету кіреді.

8 және 9-жолдарда өткізілген экскурсиялар және ұйымдастырылған көрмелер саны Хайуанаттар паркінің іс-шараларын есепке алу және океанариумда өткізілген іс-шараларды есепке алу журналдарында жасалған жазбалар негізінде анықталады.

